

ӘОЖ 396.01.37

¹А.Е. Жақсыбаева, ²Н.М. Салыбек, ³А.М. Салыбеков¹М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың аға оқытушысы, Қазақстан, Шымкент қ.²М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың магистранты, Қазақстан, Шымкент қ.

E-mail: akshataeva_j@mail.ru

Қазақстан Республикасында ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартын бұзғандығы үшін жауапкершіліктің туындау негіздері мен ерекшеліктері

Ғылыми жұмыстың мақсатына сәйкес ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартын бұзғандығы үшін жауапкершіліктің туындау негіздері мен ерекшеліктері қарастырылды. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартының тараптары мен берілген талап бойынша борышқордың арасындағы қатынастардың құқықтық реттелу ерекшеліктерінің бірі болып берілетін талап бойынша клиент пен борышқор арасындағы келісіміндегі талапты беруге тыйым салудың жарамсыздығы туралы мәселелерге мән берілді. Талапты ауыстыру және ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты арасындағы айырмашылықтар да зерттелді.

Түйін сөздер: факторинг, клиент, борышқор, цессия, ақшалай талап, қаржы агенті.

N.M. Salybek , A.E. Zhaksybayeva, A.M. Salybekov

The bases of emergence and feature of responsibility for violation of the contract of financing under a concession of the monetary requirement in the Republic of Kazakhstan

This article is considered the bases of emergence and feature of responsibility for violation of the contract of financing under a concession of the monetary requirement in the Republic of Kazakhstan. The special attention is paid to questions of invalidity of a ban of transfer of a concession of the requirement for a consent of the client and the debtor as features of legal regulation of the relations between the parties of the contract of financing under a concession of the monetary requirement. Distinctions of a cession of the requirement and the contract under a concession of the monetary requirement are opened.

Key words: factoring, client, debtor, cession, monetary requirement, financial agent.

Н.М. Салыбек, А.Е. Жақсыбаева, А.М. Салыбеков

Основания возникновения и особенности ответственности за нарушение договора финансирования под уступку денежного требования в Республике Казахстан

В статье рассмотрены основания возникновения и особенности ответственности за нарушение договора финансирования под уступку денежного требования в Республике Казахстан. Особое внимание уделено вопросам недействительности запрета передачи уступки требования по согласию клиента и должника как особенности правового регулирования отношений между сторонами договора финансирования под уступку денежного требования. Раскрыты различия переуступки требования и договора под уступку денежного требования.

Ключевые слова: факторинг, клиент, должник, цессия, денежное требование, финансовый агент.

Қазақстан Республикасында кең дамып келе жатқан шарттардың бірі ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) халықаралық тәжірибеде кең қолданылатын өзіндік табиғи сипатқа ие.

Ақшалай талапты беріп қаржыландыру – азаматтық-құқықтық міндеттеменің жаңа түрі, оның құқықтық реттелуі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне алғашқы рет енгізілген. Ақшалай талапты беріп қаржы-

ландыру шарты (факторинг), жалпы ереже бойынша, ақылы және өзара шарт болып табылады, нақты шарттың талаптарына қарай ол нақты, келісімді шарт болуы мүмкін.

Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты төмендегі қызмет түрлерін жүзеге асыра алады, олар өнім, жұмыс, қызмет көрсету үшін есептерді жеделдетуді және тәртіпке келтіруді қамтамасыз етеді, себебі сатушы немесе басқа орындаушы алдындағы олардың төлем міндеттерін, тікелей борышқордың өзінен сатушы, басқа төлемші тиісті қарыздарын өтеуді талап ету құқығын алып, кәсіби қаржы агенті банк, басқа қаржы ұйымы өз мойнына алады. Факторинг шартының жарамдылығы үшін қажетті жағдай болып, шарт жасасу кезінде оны сөзсіз анықтауға мүмкіндік беретін қазіргі және болашақта берілетін талаптарды дұрыс идентификациялау табылады. (ҚР АҚ 731-бабының 1-тармағы). Клиент қаржы агентіне төлем мерзімі келген ақшалай талапты беруге құқылы, ол сөзсіз нақты анықталған жағдайларда орын алады, ақшаны алуға құқықты куәландыратын құжаттар (талап-тапсырма, вексель есептері, есептердің аккредитивті нысаны) бойынша ақшаны инкассалаудың анықталған мерзімнің қажеттілігі, чек арқылы шартты төлем және оны инкассалау үшін анықталған мерзім, нақты өндірістік себептермен байланысты борышқордың объективті жағдайлар бойынша төлем мерзімін өткізіп алу және т.б.

Егер талапты берген, несие берушінің жауапкершілігі жөніндегі жалпы ережелер бойынша соңғысы ерекше мүмкіндік ретінде жаңа несие беруші алдында борышқор үшін кепілдікті өзіне алуға құқылы болса, ақшалай талапты беріп қаржыландыру бойынша тараптардың келісімі негізінде берілген ақшалай талап бойынша борышқордың өз міндеттемесін орындамағаны үшін клиенттің қаржы агенті алдындағы қосымша жауапкершіліктің кез келген формалары (келісімді, субсидиярлы, үлесті, тұрақсыздық айыбы және т.б.) бекітілуі мүмкін (ҚР АҚ 732-бабының 3-тармағы).

Егер факторинг шартында құрылыс фирмасының құрылысшылардың тұрғын үйге төлем төлеуді жүзеге асырмауына байланысты жауаптылық көзделмесе, онда АҚ ережелеріне сәйкес, ол ешқандай жауапкершілікке тартылмайды. Мұндай шарт тәжірибеде «айналымсыз» деп аталады. Сондай-ақ, егер факторинг шартымен

фирманың банкі алдында құрылысшылардың төлем төлеуден жалтарғаны үшін жауаптылығы бар жағдайлар көзделсе, онда фирмамен берілген талаптардың орындалмағаны үшін жауаптылық туындайды («айналымды» факторинг).

Факторинг шарты бойынша қаржы агентінің жауапкершілігі болашақта қаржыландыруды жүзеге асыру міндеттемесін алған, тек консенсуалды шарт бойынша болуы мүмкін. Клиент пен қаржы агентінің өзіне алған міндеттемесін бұзғаны үшін, сондай-ақ жарамсыз талапты берген кезде және тараптардың келісімі бойынша борышқордың берілген құқық бойынша міндетін орындау жөніндегі клиенттің жауапкершілігі көзделген жауапкершілік, оның мөлшері азаматтық-құқықтық міндеттемені бұзғаны үшін жауаптылық жөніндегі жалпы ережелермен анықталады және егер тараптардың келісімімен жауапкершіліктің өзге тәртібі мен мөлшері анықталмаса, шығындарды өтеу, тұрақсыздық айыбы түрінде көрініс табуы мүмкін. Ешқандай шектеулер көзделмеген болашақтағы талапты беру мүмкіндігі мәселесі бойынша Азаматтық кодексте цессия жөніндегі жалпы нормаларға қарағанда, ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартының құқықтық реттелуі диспозитивтік норманы көздейді, оған сәйкес қаржы агентіне берілген талаптардың келесі берілуі тыйым салынады. Сондай-ақ аталған норманың диспозитивтілігіне сәйкес ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартымен қаржы агентінің оған берілген талаптарын келесідей беру көзделсе, ол жүзеге асуға мүмкіндік алады, сондай-ақ бұл қатынастарға АҚ-тің сәйкес тарауы қолданылады (ҚР АҚ 734-бабы).

Шарт бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тәуелділігі орындалмау тәуекелдері, үшінші тұлғалардың әрекетінен шығындар мен тараптардың жауапкершілігінің туындауы шарт бойынша екі тараптың арасындағы қатынастармен қатар, олардың және берілетін ақшалай талап бойынша үшінші тұлға-борышқор арасында да қатынастардың талқылауы мен заңнамалық реттеу қажеттілігін көздейді. Сондай-ақ ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартын құқықтық реттеу шарт бойынша тараптардың арасындағы ішкі қатынастармен қатар берілетін ақшалай талап бойынша олардың және борышқордың арасындағы қатынастарды да реттеуді көздейді.

Борышқор қаржы агентіне ол клиенттен немесе қаржы агентінен ақшалай талаптың аталған қаржы агентіне берілгендігі туралы жазбаша хабарлама жіберілуі тиіс және қаржы агенті – жаңа несие беруші бұл жөніндегі борышқордың жазбаша хабарламасының болмағаны үшін барлық жағымсыз жағдайлардың барлық тәуекелдерін өзіне алады (ҚР АҚ 735-бабының 1-тармағы).

Ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартының тараптары мен берілген талап бойынша борышқордың арасындағы қатынастардың құқықтық реттелу ерекшеліктерінің бірі болып берілетін талап бойынша клиент пен борышқор арасындағы келісіміндегі талапты беруге тыйым салудың жарамсыздығы туралы АҚ-ның арнайы нормасы болып табылады. Бұл ереже шарт еркіндігі мен шарт жағдайларын анықтау еркіндігі қағидасын ескермеу болып табылады.

Бұл ереже тек ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартымен көзделген жағдайда, тараптардың келісімі бойынша бұндай талапты беруге тыйым салынған ақшалай талапты беру мүмкіндігіне қатысты болады және қандай да бір кең талқылауды қажет етпейді. Шарттың жағдайларын анықтау бостандығы (еркіндік) қағидасының бұндай ескерілмеуі кәсіпкерлердің үшінші тұлғалармен жасасқан шарттар негізіндегі ақшалай талапты беріп қаржыландыруды тарту мүмкіндігін ұлғайту қажеттілігімен анықталады (ҚР АҚ-ның 733- бабы).

Сондай-ақ АҚ-мен бекітілген, шарттың жағдайларын анықтау бостандығы (еркіндік) қағидасынан мұндай ауытқу тараптардың берілген ақшалай талап бойынша борышқордың мүдделерін бұзбау қажет және берілген талап бойынша клиент – алғашқы несие беруші – жалпы ережелер бойынша берілген ақшалай талап негізінде өз міндеттемесін қаржы агентіне орындау болып табылатын, егер клиент пен борышқор арасында бұл талапты беруге шектеулер немесе тыйымдар салу жөнінде келісім болғанда, берілген талапқа байланысты клиент борышқор алдында қандай да бір жауапкершіліктен және міндеттемелерден босатылмайды. Клиент, сондай-ақ борышқорға отырған шарт бойынша талапты беруге тыйым салу жөніндегі шартты бұзылу негізінде тартқан барлық шығындарын өтеп, егер бұл жағдайда тұрақсыздық айыбы көзделсе, оны төлеуге де міндетті.

Сонымен, факторинг пен ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарттарының біріңғай

ортақ жағдайлары бар, ол олардың экономикалық бағыттылығы мен несиелендірудің бір түрі болып табылатындығында. Факторингтің де, ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартының астарында міндеттемедегі құқықтың айналым қабілеттілігі (талапты беру құқығының азаматтық айналымда қатысу) мен бағалануы қағидасы жатыр. Ортақ несиелендіруге бағыттылығы, сондай-ақ талап ету құқығының пән негізінде қолдану, факторинг пен ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарттарының кәсіпкерлік сипатқа ие деген тұжырымға әкеледі. Бұндай қызметтің кәсіпкерлік сипаты осы қызметті жүзеге асырумен байланысты туатын тәуекелмен байланысты.

«Факторинг» термині жалпы экономикалық бағыттылығы бар бүкіл қатынастар тобына қарай қолданылады. Кең экономикалық мағынада, факторингтік қызметі аясында туындайтын қатынастар өмірде түрлі азаматтық-құқықтық құрылғылар түрінде көрініс табады, оларға: факторинг шарты, ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты, сондай-ақ шарттардың өзге де түрлері жатады. Нақтырақ кең экономикалық мағынадағы «факторинг» пен «факторинг» шарты мағынасындағы түсініктерді айыру керек. Себебі факторингтің шарт ретіндегі мағынасы жалпы экономикалық факторингтен тар болып келеді. Жалпы, қазақстандық заң шығарушымен ұсынылған ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартының құрылымы негізінде халықаралық тәжірибеде белгілі барлық дерлік факторингтік контрактілерді (кең экономикалық мағынадағы факторинг) жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 723-бабы 1-бөлімінің, 1-тармақшасында белгіленген факторинг шартының анықтамасына сәйкес, бұл шарттың пәні болып клиент қаржы агентіне беретін ақшалай талап болатындығы көрсетілген. Клиентте мұндай ақшалай талаптың пайда болу негізі міндеттеме болып табылады, ал осы міндеттемеге сәйкес клиентте несие беруші ретінде, борышқордан талап ету құқығы пайда болады, ал сәйкесінше борышқор бұл талапты қанағаттандыру міндетіне ие. Сөйте келе, клиент өзіндегі ақшалай талап ету құқығын қаржы агентіне берген кезде, міндеттемедегі тараптар ауысуы немесе заң шығарушымен айқындалған өзіндік сипатқа ие цессия пайда болады. ҚР АҚ-

ның 339-бабының 4-тармағында, міндеттеменің жекеленген түрлері бойынша талапты беру ерекшеліктері заңнамалық актілермен бекітілуі мүмкін делінген. Осыған сәйкес ҚР АҚ-ның 729-бабының 3-бөлімінде, Азаматтық кодекспен бекітілген талапты беру жөніндегі жалпы ережелер, белгіленген тараумен өзгеше көзделмесе

(факторингке арналған ҚР АҚ-ның 37-тарауы) ақшалай талапты беріп қаржыландыруға да қолдануға жатады.

Қорыта келе, ақшалай талап беріп қаржыландыру шартының өзіндік табиғи болмысын цессиямен қатар жүргізілетін негізгі шарттар екендігін нақтылап айтуға болады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (14.12.2012 ж.)
- 2 Жайлин Ф.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы ерекше бөлім I-II том/ Габиден Айнашұлы Жайлин, – Алматы: Заң әдебиеті, 2005.
- 3 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. – Алматы: ЖШС «Норма К», 2011.
- 4 Басин Ю.Г. Сделки: учеб. пособие для вузов / Ю.Г. Басин. – Алматы: «Әділет-Пресс», 1996.
- 5 Мауленов К.С. Фьючерстные контракты/ «Предприниматель и право»: К.С.Мауленов. – Алматы: Баспа, 2002. – №42 (118).
- 6 Орехов С., Афонин В. Факторинг: учеб. пособие для вузов. – М.: Изд-во, Юристъ, 2009.
- 7 Сулейменов М.К. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005.

References

1. The President of Republic of Kazakhstan – N.A. Nazarbayev’s “Kazakhstan-2050 new social direction of strategy in development country” named by the President’s message to Kazakhstan. (14.12.2012 y.)
2. Zhailin G.A. Civil rights of Republic of Kazakhstan text-book for high education students especial part I-II part Gabiden Ainaishuli Zhailin. – Almaty: Law literature, 2005.
3. Civil code of Republic of Kazakhstan. – Almaty: LSP «Norma K», 2001.
4. Basin Yu.G. Business: text-book for high education/ Yu.G Basin. – Almaty: «Adilet-Press», 1996.
5. K.S Maulenov «Futures contract/ Business owner and right»: K.S Maulenov.- Almaty: Baspa-2002.-№42 (118).
6. Orekhov S., Afonin B. Factoring: text-book for high education S.Orekhov, B. Afonin publishing house, Lawyer, 2009.
7. Suleimenov M.K. Civil rights of Republic of Kazakhstan text-book for high education. – Almaty: Zheti Zhargi, 2005.